

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ



ПЕРВЫЙ ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2026 жылғы 24 сәуірдегі № ДЗ-140 сауалға

Құрметті депутаттар!

Жетісу облысының автомобиль жолдарының өзекті мәселелеріне қатысты сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Бұрхан-Бұлақ сарқырамасына апаратын автомобиль жолы туралы

Бұрхан-Бұлақ сарқырамасына апаратын автомобиль жолын реконструкциялау жобасының жалпы құны 14 млрд теңге, ұзындығы 30,8 км құрайды. Мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы 2024 жылдың 5 тамызында алынды.

2026 жылға дейін жобаны жүзеге асыруға республикалық бюджеттен 4 млрд теңге бөлінді, 2026 жылға жергілікті бюджеттен 1 млрд теңге қарастырылды. Жобаны толық аяқтау үшін қосымша 9 млрд теңге көлемінде қаражат талап етіледі.

2026 жылдан бастап жол саласын қаржыландыру 2025 жылғы 8 желтоқсандағы № 238-VIII «Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы 2026 – 2028 жылдарға арналған жалпы сипаттағы нысаналы трансферттердің көлемі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады, Жетісу облысы бойынша 116 млрд теңге (2026 жылы – 5 млрд теңге, 2027 жылы – 34 млрд теңге, 2028 жылы – 77 млрд теңге) көзделген.

Қазақстан Республикасының жаңа Бюджет кодексінің талаптарына сәйкес (ҚР-ның 2025 жылғы 15 наурыздағы № 171-VII Кодексі), жергілікті маңызы бар автомобиль жолдары жобаларын республикалық бюджет есебінен қаржыландыру көзделмеген.

Осылайша, жоғарыда аталған жобаны іске асыру 2026-2028 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттер есебінен қолданыстағы бюджет заңнамасы шеңберінде жүзеге асырылуы тиіс.

Баллық би және Бақтыбай елді мекендерді айналып өтетін автомобиль жолын салу туралы

Балпық би және Бақтыбай ауылдары тұрғындарының көптеген өтініштеріне байланысты Көлік министрлігі аталған елді мекендерді айналып өтетін автомобиль жолын салу жобасын іске асыру туралы шешім қабылдады.

Сонымен қатар, жобаны іске асыруға дайындық барысында жеке меншікке тиесілі жер учаскелерін, оның ішінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді алып қою және сатып алу қажеттілігі туындады. Бұл жер учаскелері иелері Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына жүгінуіне, сондай-ақ халық арасында әлеуметтік шиеленістің туындауына себеп болды.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының нұсқамасына сәйкес жобаны іске асыру тоқтатылды. Бүгінгі күні жоба бойынша жұмыстар жүргізілмейді.

Айнабұлақ кентіндегі теміржол өткелін ашу туралы

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің 2011 жылғы 25 наурыздағы № 168 бұйрығымен бекітілген Теміржол өткелдерін техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу қағидаларының 22 және 147-тармақтарының талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының құрылыс нормаларының (ҚР ҚН 3.03-14-2014) 5.9.6-тармағына сәйкес келмеуіне байланысты, Айнабұлақ – Көпір 1453 км 10 ПК аралығында теміржол өткелінің жұмыстарын қайта бастау мүмкін емес.

Балама нұсқа ретінде жолүсті өткелін салу ұсынылады. Бұл ретте, жолүсті өткелін салу бойынша жобаларды іске асыру *«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы»* 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-ІІ Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне жатады.

Осыған байланысты аталған мәселені шешудің ықтимал жолдары жергілікті атқарушы орган тарапынан пысықталуға тиіс.

Н. Нәлібаев